



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

4. «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2013жылғы 8 қаңтардағы № 464Жарлығы.
5. Жаманкарин М.М., Макенова М. Х. Развитие информационно-коммуникационных технологий в Казахстане // Молодой ученый. -2015, №4. -С.175-176.

УДК 33.3347 (547)

КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ МЕНШІКТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Дулатбаева Қымбат Манарбекқызы, Лес Жұлдыз


kdulatbaeva@mail.ru, leszhuldyz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ақпараттық технологиялар факультеті «Ақпараттық жүйелер мамандығының 1 курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Смаилова Д.О

Меншік ұғымын естіген кезде, ойымызда қандай пікір қалыптасады? Ең бірінші кезекте меншік ұғымымен кез келген тұлға, өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланыстырады. Себебі, меншіктенуші мен меншіктен алшақталған немесе меншігі жоқ адамдардың әлеуметтік жағдайы тең емес. Меншіктенуші оны иемдене отырып тұрмыс жағдайын көтергенін және меншік көп жағдайда табыс көзі болып отырғанын өмір көрсетіп отыр.

Кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының көптеген факторларының ішінде кәсіпкерлік қызмет маңызды рөл атқарады және ол меншікпен тығыз байланысты. Кәсіпкерліктің мәні мен маңызын ашу үшін біз меншік ұғымына толығырақ тоқталып кетсек дейміз.

Меншік ұғымын тарихи тұрғыдан қарастырсақ, ол жеке адаммен, қоғаммен бірге пайда болған, бірақ алғашқыда бұл ұғым тікелей жермен байланыстырылған. Себебі, алғашқыда меншік адамның табиғи және өндіріс жағдайларына қатынасын байқатады. «Меншік» терминінің мәнін түсіндіріп беру үшін біз келесідей мысал келтірейік: адам аяғы баспаған аралда Робинзон бір өзі өмір сүрді деп ұйғаралық. Ол табиғаттың жемісін, атап айтқанда, банан жеп, өзеннен балық ұстап, пальма жапырақтарынан киім киіп тіршілік етеді. Ал Робинзон өзі-өзіне осының бәрі менің меншігім деп айта алар ма еді? Өзін айнала қоршаған материалдық игіліктердің бәрі де менікі деген түсінік оның миына да кіріп шықпас еді. Қоршаған, көзге көрінгеннің бәрі де менікі деп айту үшін, ең болмағанда тағы бір адам болуы шарт. Осы мысалдан шығатын қорытынды: меншік — адамның затқа жай қатынасы ғана емес, меншік осы затпен байланысты адамдар арасындағы қатынас. Осымен қатар, «Меншік» термині әртүрлі мағынада пайдаланылады. Мысалға айтатын болсақ, күнделікті өмірде меншік көбінесе, мүлікпен теңестіріледі. Бірінші жағдайда «мынау менің меншігім» деуге болады. Екінші жағдайда «меншік иемдендім» дейді. Құқықтық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, мұның екеуі де дәл емес. Олай айтуымыздың себебі, ең алдымен меншікті меншік құқығынан ажырата білу қажет. Меншік-экономикалық, ал меншік құқығы-заңдық санат. Біздің ойымызша, меншік құқығын зерттеу, ең алдымен оның экономикалық санатымен танысудан басталады. Меншік-экономикалық жүйенің негізі болып табылатын, күрделі де, көпқырлы құрылым (сурет 1).



Сурет - 1. Меншіктің қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі

Ресейдің ғылыми заң әдебиеттерінде «меншік, адамдар арасындағы мемлекеттік қатынастардан гөрі, адамның заттарға өзінікі, өз меншігі ретіндегі қатынасы болып табылады» деген пікір айтылған [1]. Біздің ойымызша, бұл қағида қате. Ешқандай құбылыс тек өзі арқылы арқылы түсіндірілмейді. Сондықтан да, адам өзіне ұнаған басқаның мүлкіне өз меншігіндей қарағанмен, егер заңды титулы болмаса ол оның меншік иесі бола алмайды (яғни оны иемдене алмайды). Олай болған жағдайда, қолына зат ұстағанның бәрі меншік иесі болар еді.

Меншіктің барлық формалары өзара байланысқан және де ол тарихи дамудың нәтижесі болады. Өткен дәуірдегі ойшыл-ғалымдар, атап айтқанда, У.Петти, Ф.Кенэ, А.Смит, Д.Рикардо, П.Прудон, К.Маркс, Р.Коуз және А.Алчиан секілді ғалымдар меншік теориясына сүбелі үлестерін қосқан болатын. Мысалы айтар болсақ, ертеректегі француз социалисі Пьер Жозеф Прудонның (1809—1865 ж.ж.) меншік — ұрлау деген мағынаны береді дегені бар [2]. Дәстүрлі кеңестік, қайта құру кезеңіне дейінгі экономикалық әдебиеттерде меншік категориясының мәнін, оның адамдар арасындағы қатынасты сипаттайтынын тек К.Маркс ашқан түсінік берік орнағаны белгілі. Сөз жоқ, К.Маркс меншіктің әлеуметтік-экономикалық мән-мазмұнын ашуда елеулі үлес қосқаны даусыз мәселе. Алайда жоғарыда келтірілген П.Ж.Прудонның меншік туралы түсініктемесі де оның адамдар арасындағы қатынас екенін сипаттап тұрған жоқ па? Өйткені бір адамның екінші бір адамнан ұрлай алатыны белгілі. Олай болса бұл арада қатынас туралы әңгіме болып отыр. Ал қазіргі батыстық экономикалық пікірлерге көңіл аударар болсақ, мысалы П.Хейненің "Экономикалық ойлау бейнесі" деген әйгілі кітабында, меншікті адамдар арасындағы қатынас деп жазған. Мұнда П.Хейне 1991 жылы экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты американдық экономист — Рональд Коуздың (1910 жылы туған) меншік және рыноктық қатынастар мәселелеріне арналған терең де, ерекше идеяларын негізге ала отырып меншік адамдардың затқа жай қатынасы ғана емес, адамдардың адамдарға қарым-қатынасы деп сипаттаған [3]. Сонымен қатар меншіктің пайда болу табиғатына зор үлес қосқан классикалық экономикалық ғылым өкілдері: Уильям Петти, Давид Рикардо және Адам Смит болды. Олар алғашқы рет қоғамның тапқа бөлінуін көрсетті (яғни жалдамалы жұмысшы, капиталист және де жер иеленуші).

Біз осы жоғарыда аталып кеткен ғалымдардың ой-пікірлерімен санаса отырып мынадай тұжырымдама айтқымыз келеді: меншік бұл зат емес, бұл заттарға байланысты туындайтын қатынас, басқаша айтсақ, меншік – бұл адамдар арасындағы өндіріс факторлары мен нәтижелерін иемденуге байланысты объективті қатынастар жүйесі. Өз ойымызды әйгілі ойшыл, ғалым К.Маркстің теориясымен салыстыратын болсақ, К.Маркстың тұжырымдауы бойынша, меншік экономикалық категория ретінде адамдардың еркі мен санасынан тәуелсіз өмір сүреді. Меншік – бұл өндіріс құрал-жабдығын иелену қатынасы және материалдық

игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну процесі. Маркстік теорияға сәйкес – құралдар, заттар және т.б. меншіктің заттық мазмұның құрайды. Алайда “меншік” ұғымы тек қана заттық мазмұнымен немесе адамның затқа қатынасымен шектеліп қана қоймайды. Адам басқа адамдармен өзара тығыз байланыста өмір сүреді, еңбек өнімін өндіреді және тұтынады. Ешкімге жатпайтын нәрсені – қоғамнан тыс, басқа адамдармен байланыссыз иемдену мүмкін емес. Айталық, тіл бір ғана адамның өнімі болып табылады. Себебі, ондай жағдайда адам ешкіммен сөйлесе алмайды. Меншікте дәл солай: ешкіммен қатынаспайтын адамның меншігі – экономикалық категория ретінде мазмұнын жояды. Меншік табиғи емес, ол заттардың қоғамдық қасиеті. Сонымен меншіктің экономикалық салада алатын орны да ерекше екенін айттық.

Ендігі кезекте, меншіктің экономикалық саладағы мағынасына қысқаша шолу жасайтын болсақ, меншіктің экономикалық мазмұнына мынадай түсініктер қолданамыз:

- а) екі жұп категорияларының өзара байланысы: иемдену-шеттетуге;
- ә) оқшауландыру, қоғамдастыру;
- б) табыстарды бөлу тәсілі;
- в) субъектілік-объектілік талдау.

Ең алдымен, меншіктің экономикалық мазмұнын екі жағдайда талдау негізінде ашып көрсетуге болады. Бір жағынан-қандай да бір қауымдастықтың (индивид, топ, қоғам) өндіріс құралдарын және қызмет нәтижелерін иемденуінің механизмі мен нысаны, ал екінші жағынан-олардың басқа шаруашылық бірліктерден және тұтас қоғамнан шеттетудің сәйкес формалары.

Иемдену деген қандай да бір қатынастар объектісін осы қатынастардың тұтас қоғам өміріндегі атқаратын қызметтеріне сәйкес, субъектінің өзінің өмір сүруіне айналдыруы дегенді білдіреді десек, ал, шеттетуге деген сөз қандай да бір объектіні субъектінің өзіндік өмірлік қызметіне айналдырудың мүмкін еместігін білдіреді.

Оқшаулану деген әрбір тауар өндіруші белгілі бір тауарды өндіруге мамандануын түсіндіреді. Еңбек бөлінісі неғұрлым терең болса, оқшауланған тауар өндірушілер арасындағы өзара тәуелділік те соғұрлым күшті болып табылады. Ал, қоғамдастыру деген қоғамдық еңбек сипатының дамуы болып табылады. Бір жағынан, қоғамдық еңбек бөлінісі және өндіріс құралдарына жеке меншіктің салдарынан кәсіпорындар жеке тауар өндірушілер ретінде оқшауланған деген ой қалыптастырса, екінші жағынан, қоғамдық еңбек сипатына байланысты, олардың бәрі біртұтас қоғамдық ұдайы өндіріс үдерісіне тартылған дегенді білдіреді. Оқшауланған тауар өндірушілер арасында ақша айналымы арқылы жүретін тауар айырбасы болып табылады. Экономикалық меншікті ситаттаудың келесі түрі ол -табыстарды бөлу, яғни, өндіріс құралдарына меншік иесінің мүддесіне қарай шешілетін үдеріс.

Ең алдымен, осы терминдерге анықтама беріп кетер болсақ: меншік субъектілері - бұл олардың арасында меншік қатынастары туындап отыратын тұлғалар, оларға жеке индивидтер, отбасы, әлеуметтік топтар, ұжым, халық, мемлекет және басқару органдары жатады. Ал, меншік объектісі - бұл осылар арқылы меншік қатынастары туындап отыратын қандай да бір заттар немесе құралдар т.б. Нақтырақ айтатын болсақ, меншік субъектілері: жеке тұлғалар, отбасы әлеуметтік топ, өндірістік ұжым, халық, басқару органдары бола алады, меншік объектілері: өндіріс құралдары, мүлік, ақша, бағалы қағаздар, ақпарат, интеллект, жұмыс күші болып табылады [4].

Сондай-ақ, меншік деген ұғымды естіген кезде біздің санамызда «Бұл кімнің меншігі?» деген сұрақ туындайды, әрине, сол үшін де біз меншікті иемденуіне байланысты оны бірнеше топтарға жіктейміз.

Жеке меншік - бұл бір тұлғаның немесе отбасының мүліктік немесе ресурстың иесі болып табылуы. Мысалға, барлығымызда ұялы телефондар бар және ол әр адамның өз иелігіндегі дүние болып табылады, сондықтан да біз ұялы телефондарымызды біздің жеке меншігіміз дей аламыз. Негізінен, жинақтау сипаты бойынша жеке меншік еңбектік және еңбектік емес болып бөлінеді. Еңбектік жеке меншік жалақы есебінен және кәсіпкерлік қызметтен келіп түсетін табыс көздері арқылы анықталады. Еңбектік емес жеке меншік

мүлікті мұраға қалдыру есебінен, бағалы қағаздардан, депозиттерден алынады табыстар және басқа да табыс көздері арқылы анықталады. Жеке меншіктің ерекше нысаны болып ұжымдық меншік болып табылады.

Ұжымдық меншік - бұл еңбек ұжымы өндіріс құралдары мен өнімдерін ортақ иемденіп, пайдаланып және іске жарататын экономикалық қатынастар жүйесі. Қазақстан Республикасында қазіргі кезде ұжымдық меншік түрлеріне кооперативтік, акционерлік, қоғамдық ұйымдар жатады. 1) Кооперативтік меншік деп бірігіп қызмет істеуі үшін сол кооператив иелерінің еңбегі мен өндіріс құрал-жабдықтарын біріктіру жолымен қалыптасатын ұжымдық меншік меншіктің бір түрін айтады. 2) Акционерлік меншік - бұл акцияларды сату нәтижесінде қалыптасқан меншік. Ал, мемлекеттік меншік туралы айта кететін болсақ, мемлекеттік меншік - бұл меншік нысандарын мемлекеттік билік өкілдерінің басқаруы мен іске асыратын қатынастар жүйесі. Мемлекеттік меншік бүкіл халық шаруашылық деңгейінде, аймақ, облыс, аудан, қала, ауыл деңгейінде бар. Мемлекеттік меншіктің субъектісі болып мемлекет болып табылады. Басқару мен билеуді мемлекеттік билік органдары жүзеге асырады. Мемлекеттің меншіктің ең басты ерекшелігі оның бөлінбестігі.

Экономикада мемлекеттік меншіктің басым болуы нақты өмірде жағымсыз жайттарға алып келуі мүмкін: мемлекеттік монополиялардың пайда болуы, мемлекеттік өндірушінің тұтынушыға деген үстемдігінің орын алуы, арзан тауарлардың түрлерінің жойылып кетуі, тауар тапшылығының пайда және сұранысының қанағаттандырылмауы.

Тағы да бір меншіктің түрін айтар болсақ, ол қоғамдық меншік. Жалпы, қоғамдық меншік - қоғамның барлық мүшелерінің жалпылама және теңдей қолдары жететіндігін білдіреді. Қоғамның барлық мүшелері меншік иелері, бірақ біреуі өдіріс қаражатын, құралдарын билеп, басқарып немесе өндіріс пропорцияларын анықтау керек. Ешкім жеке өзі мұны істей алмайды. Сонда теңдік негізінде құрылған қоғам «басқаратын аппаратын» құрады. Ол халықтың атынан-өндіріс қаражаттарының меншік иесінің атынан иелену, пайдалану және билеуді жүзеге асырады. Бірақ қоғамның экономикалық қайшылықтары бара-бара шешілмейтін мәселе бола бастады.

Сонымен қатар меншік ол заң жүзінде қаралғандықтан оның құқығы туралы айтпасақ болмайды. Кейбір отандық әдебиеттерде, меншік құқығы деп белгілі бір тұлғаларға материалдық мәне материалдық емес игіліктердің тиістілігін бекітетін және осы құқықтарды қорғайтын заң нормаларының жиынтығын айтады. Нақтырақ жеке меншік құқығына тоқталсақ, негізінен жеке меншік құқығының қазіргі заманғы жүйесі иелік етушілерге олардың өз қалауларына сәйкес меншік құқығын бөлудің күрделі нұсқаларын ұсынады. Мұны бір кәсіпорынның басқа бір кәсіпорынға өз зауыттарының бірін жалға беру туралы шешім шығаруын мысалға ала отырып нақты көрсетіп көрейік. Жалға беру шарты бойынша, бірінші кәсіпорын зауыттың иесі болып қала береді, екінші кәсіпорын келісілген мерзім ішінде, айталық бес жыл бойы өзінің шаруашылық қызметін іске асыру үшін оны пайдалану құқына ие болады. Жалға алушы (жылжымайтын мүлікті пайдалануға алған кәсіпорын) оның меншігін пайдалану құқығы үшін жалға берушіге (жылжымайтын мүлікті иеленуші кәсіпорынға) белгілі бір сомда ақша төлеп отырады, егер жалға беру жөніндегі келісім ұзартылмаса, белгіленген мерзім өткеннен кейін зауыт иесіне қайтарылады. Бірақ егер меншік құқы айқын белгіленбесе, бірқатар жағымсыз салдар пайда болуы мүмкін. Біріншіден, жалға алу туралы келісім-шартқа қол қойылмай қалуы мүмкін, өйткені оған қол қойылса, екі әріптес үшін де аса зор қауіп болмақ. Екіншіден, мәміле жасасу жалға беру шарттарын талқылауға қымбат уақыт пен ақшаны бекер шығындатып, жалға берушінің де, жалға алушының да орасан зор күш-жігер жұмсауын талап етуі мүмкін. Дегенмен, жалға алудың өзіндік артықшылықтары да бар. Айтылған мәселе, жеке меншік құқығының өмірдегі айқын көрінісі болып табылады, әрі барлық айтылған мәселелер экономиканың негізгі 3 мәселесіне сүйенеді және тәуелді болады. Ал, экономиканың негізгі 3 мәселесі – не, қалай және кім үшін өндіріміз сұрақтарын шешу экономикалық агенттердің өндіріс құралдарына деген меншік құқығына тәуелді агенттердің өндіріс құралдарына деген меншік құқығына

тәуелді болып табылады. Осыған байланысты, кез-келген меншік иесі болып табылатын тұлға өз қалауы бойынша меншік объектісін иемденеді, пайдаланады және билік етеді. Ал біздің еліміздің Азаматтық кодексінде меншікке қатысты мынадай ұғымдар айтылады:

- 1) Иемдену-мүлікті іс жүзінде иелену мүмкіндігінің заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі.
- 2) Пайдалану-белгілі бір игіліктен оның пайдалану қасиеттерін алудың және одан пайда таба алудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі.
- 3) Билік ету-мүліктің тағдырын айқындаудың заңмен қамтамасыз етілуі [5].

Аталып өткен аспектілер экономикалық салада меншікке қолданылатын іс-әрекеттерді айқындайды. Бірақ алдыңғы ғасырда Қазақстан Республикасы құрылмай тұрып айтылған ұғымдарды күнделікті өмірде қолданып, тұрақтылау үшін елімізге көптеген жылдар қажет болды. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасының әміршіл-әкімшіл жүйеден нарықтық экономикалық жүйеге көшуі меншік қатынастарын өзгертудің заңды қажеттілігін туындатты. Бұл үдеріс мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру арқылы жүзеге асырылды. Қазақстанда мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісінің басталуы - мемлекеттік меншіктің үлесін азайтуға оның монополиялық үстемдігін жоюға бағытталады. Өтпелі экономика жағдайында меншік қатынастары түрлі өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер мемлекет қарамағынан алу және жекешелендіру үдерістерімен байланысты. Ең алдымен, жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алуға анықтама берсек, жекешелендіру - меншікті мемлекет игілігінен алудың бағыттарының бірі, оның мәні меншікті жеке және заңды тұлғалардың жеке меншігіне беруде. Жекешелендіру экономиканы қайта құрудың аса маңызды элементі болып табылады. Мәселен, капиталды инвестициялау, өзіндік құнды төмендету және тиімділікті көтеру, жаңа технологиялар және т.б. Ал, мемлекет иелігінен алу - бұл мемлекеттік кәсіпорындарды тікелей шаруашылық жүргізуші субъектілерге шаруашылық жүргізу және оларға сәйкес өкілеттіліктерді беру арқылы түрлендіру болып табылады.

Меншік экономикалық тиімділіктің өсуі, кәсіпорындарды басқаруды жетілдіру, жекешелендірілген кәсіпорындардың және олардың өндірген тауарларының бәсекелік қабілетін арттыруға да өз септігін тигізеді. Мәселен, тұлғада меншіктің қандай түрі бар болса да, ол бәсекеге қабілетті бола алады, яғни оның әлеуметтегі орнын да анықтайтын меншік болып табылатынын анық көруімізге болады.

Біз сонымен меншіктің маңызды дүние екенін анықтадық, әрі оның тек қана зат емес, адамдардың арасында болатын қатынас екеніне де көз жеткіздік. Әр азамат өзі өмірде белгілі бір деңгейге жеттім деп айтқысы келсе,оны меншікпен де тығыз байланысты екенін байқауымызға болады,яғни бұл ұғым өмір сүруге де тығыз байланысты екенін түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Измаханова А.Қ. Экономикалық теория. Оқулық. Қазақстан Республикасы Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы. -Алматы.: «Экономика», 2011. -259 б.
2. Нүрпейсов Ж.К. Экономикалық теория негіздері. Оқу құралы. Ақмола, 1996ж.
3. П. Хейненің "Экономикалық ойлау бейнесі" XIII тарау.1991ж.
4. Әубәкіров Я., Қайдиев А., Досқалиева В. Экономика. Оқулық. -Алматы: Экономика. 1997 ж. -221 б.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Алматы, 1995ж.